

Картова Зәүрә Кенескымы  
М.Қозыбаев атындағы СҚУ  
тарих, экономика және  
құдық филологиялық деңгээлі



# ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ АЛТЫН ДӘУІРІ

**М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіндегі Жошы ұлсысының 800 жылдығына арналған “Жошы ұлсысы: мұра және оның Еуразиялық қеңістік тарихындағы рөлі” атты конференция өтті. Шарыға Жапония, Турция мемлекеттерінің, Астана, Алматы, Тараз, Ақтөбе қалаларының зерттеушілері қатысты.**

Шыңғыс ханың үлкен ұлсы – Жошы хан тарихта тек қолбасшы, ел билеуші ретінде ғана емес, көреген, дана көшбасшы ретінде қалды. Бұл мемлекеттің іргесі қаланған, құқықтық жүйесі мен ішкі тәртібі нығайған кезең еді. Жошы ұлсысының 800 жылдығын атап етіп, аталған кезеңдегі оқиғаларды зерделеу маңызды. Бұл құні біз даңқты бабаларымыздың рухына тағзым етіп, еркіндік үшін жанын құрбан етуге дайын болған ерлердің есімін еске аламыз, – деді жынынды ашқан облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Кемел Оспанов.

Шарада университеттің құрметті профессоры, Қазақстаның еңбек сінірген қайраткері Зарқын Тайшыбай лебізін біл-

діріп, Түркиядағы Йедитепе университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ахмет Ташағыл мен Жапониядағы Токин шет тілдер университетінің ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбділәшімұлы Дүйсенәлінің тақырып бойынша тұшымды ойлары тыңдалды.

Жошы хан өүлеті Қазақстан жерінде алты ғасыр бойы билік құрды. Тарихшылар бұл кезеңді қазақ мемлекеттілігінің алтын ғасыры деп атайды. 1224 жылы қазақ даласында Жошы ұлсысының туы көтерілді. Алғашында ол Шыңғысхан империясының бір бөлігі болды. Кейін жеке мемлекет атандып, Қазақ хандығының құрылуына жол ашты. Тарихшылар үшін аталған кезеңді зерделеу аса ма-

нызды. Конференцияда Жошы ұлсысының мұрасын жан-жақты талқылап, алдағы зерттеудердің бағытын айқындауды мақсат етіп отырымыз, – деді оку орнының тарих, экономика және құдық кафедрасының деканы Зәуре Қартова.

Конференцияда Астана қаласындағы “Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы” республикалық мемлекеттік мекемесі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру белімінің бас сарапшысы Алмат Әбсөліков, тарихшы, этнограф, мәдениеттанушы Сембі Марат, Жошы Ұлсысы ғылыми зерттеу институтының жетекшісі Жақсылық Сәбитов, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры Сәуле Мәлікова, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінің PhD докторы Бақыт Байшов, М.Х. Дулати атындағы Тараз өнірлік университетінің PhD докторы Альбина Мақсұтова сез алып, тұжырымдарымен белісті.

**Диана ХАЛИМОВА,  
М.Қозыбаев атындағы  
СҚУ-дың медиа-  
орталығының редакторы.**